

Сабақтың тақырыбы:
"Жақсыдан үйрен,
жаманнан жирен"
5- "ә" сынып



Сабақтың мақсаты:

- Балаларға жақсылық пен жамандықты ажырата білуге. бір - бірімен достық қарым - қатынаста болуға, үлкендерге құрмет, кішілерге қамқор болуға, қоғамның кері кетіретін құбылыстары жөнінде мәлімет бере отырып, олардан бойын аулақтату.





Міндеттері: оқушылардың бойында жақсы әдетті қалыптастырып, жаман әдеттен аулақ болуға баулу; жақсы, жаман туралы түсінік беру; жақсы мен жаманды салыстыра білу іскерліктерін дамыту; жақсы істер мен әрекеттер жасауға тәрбиелеу.

Әдісі: Сұрақ-жауап, әңгімелеу,

Көрнекті құралдар: Слайд, нақыл сөздер

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру. Сынып екі топқа бөлінеді.

1-топ. “Алау”

2-топ. “Алаш”

1. “Сәлемдесу” бекеті. Шаттық шеңбері:

-Балалар, бізге бүгін көптеген қонақтар келген екен «Сәлем- сөздің анасы» деген. Келген қонақтарға сәлем берейік.

Үлкенге де сіз,

Кішіге де сіз.

Сәлем бердік сіздерге,

Құрметпенен біз!

“Тәрбие әлеміне саяхат”

"Адасқан сөздер" ойыны

«Жақсы» және «Жаман» әрекеттерін білдіретін сөздерді анықтап тірек сызба құрастыру




2. “Поэзия” бекеті.

Мен сендерге С.Оспановтың «Не жақсы, не жаман?» атты өлеңін шумақтарға бөліпайтамын. Сендер әр шумақта не жақсы, не жаман туралы айтылғанын тауып, жақсы туралы айтылған болса «жақсы» деп, жаман туралы айтылған болса « жаман» деп жауап беріп отырыңдар

Биязы мінез тіл алғыш,
Бал-бұл жанып жүретін,
Бауырмалдық сол- ?

Үйдің ішін тазалап,
Үстіңе де қарайлап,
Үлгері алсаң сол-?





Беті- қолың кір-кір
боп,
Берекесіз ыржақтап,
Бейбастық өссең
сол-?


Ата-ананың ақылын,
Ала білмей кезінде,
Ақымақ болсаң сол -?





« Әдебиет» бекеті

Сұрақтарға жауап беру керек.

- 1. Қазақ халқының ұлы ақындарын ата.**
 - 2. Қазақ халқының ертегілерін атаңдар**
 - 3. «Қара сөздердің» авторы**
 - 4. Тұрмыс-салт жырларын ата.**
 - 5. «Ер Төстік» ертегінің қай түріне жатады?**
 - 6. Ертегінің түрлерін ата.**
 - 7. «Аяз әліңді біл, құмырсқа жолыңды біл» қай ертегіден алынған?**
 - 8. Қерқұла кімнің тұлпары?**
 - 9. Әдеби ертегі дегеніміз не?**
 - 10. Қазақ әдебиетінде мысал өлеңді алғаш кім жазды?**
- 

"Мақал-мәтел" бекеті

1. Мақалдарды жалғастыр.

Жақсымын деп мақтанба,

... ..

Батырмын деп мақтанба,

... ..

Жақсы - ай мен күндей -

... ..

Күн ортақ,

Ай ортақ

... ..

Жақсы кісі қартайса да,

... ..

Жақсы ат қартайса да,

... ..

2. Екі топ жақсы, жаман туралы мақал мәтел айту керек.

"Тарих" бекеті

1. Ежелгі сақтардың ел билеген атақты әйел патшаларының бірі .

(Тұмар (Томирис))

2. Отрар қаласының әміршісі . Қайырхан

3. Алтын жауынгердің (адам) аты? Сүлей

4. Алтын адам табылған жер? Есік

5. Қазақстанның ең алғашқы астанасы ? Орынбор

6. Қазақстанда неше облыс бар? 14



«Ситуациялық жағдайлар» бекеті

Екі дос


Ертеде, ел арасында жаугершілік заманда қазақтың екі жауынгері төс қағыстырып дос болады.

Бірде әскерлер бір өзеннің бойында шатыр тігіп, дамылдайды. Сондатұтқиылдан жаудың қаптаған қалың қолы шабуыл жасайды. Тонаған мал-мүліктерін тиеп әкетеді.

Әлгі екі достың біреуі жау қолына түседі. Досының қолға түсіп қалғанын естіген екінші батыр күздің қара суығын елеместен өзенді малтып өтіп, жау жатқан жағаға келеді. Анталаған жау әсекрі оны тарпа бас салады. Жауынгер өзін қолбасыларына апаруын өтінеді. Алып барған соң ол жаудың қолбасына:

- Мен қолдарыңа түскен бір жауынгерге құн төлеп сатып алуға келдім. Менің оған айырбасқа берер мал-мүлкім жоқ. Бір-ақ нәрсе беремін. Ол - өзімнің өмірім. Досымды досымды босатсаңдар, ол үшін өзімнің өмірімді қияр едім, - дейді.

Сұрақ: Сонда қолбасы қандай талап қояды? Оны дауынгер қалай орындайды?





Жауабы:

Қолбасы ойланып отырып, оны сынамақ болып :

-Жарайды, мен сені қыршыныңнан қимай-ақ қояйын. Маған сол өміріңнің бір бөлшегін ғана берсең болады,- дейді.

- Ол не?- деп сұрайды досын құтқаруға келген жігіт.

- Маған сенің көздерің керек, дейді қолбасы. – Екі көзіңді ойып аламын.

- Ол да болсын, көзімді ал да, досымды босат, - дейді жігіт. Ол бұл сыннан тоқтаусыз өтеді.





“Көрініс” бекеті

- Көшедегі көрініс

Асқар: Шыңғыс бүгін Камалдың баласының тойы ғой, білесің бе?

Шыңғыс: Ия, ия, айтпақшы Дамирлер бүгін жиналайық, той қызықтаймыз деген. Саған хабарласқан жоқ па?

Асқар: Жүр, ендеше солай қарай барайық, бар қызықтан құр қалармыз.

Шыңғыс: Кеттік, жолшыбай Ердосқа соға кетейік, ол да барар мүмкін.

Асқар: Ердос, біз той болып жатқан жерге бара жатырмыз.

Балалар да сол жақта жүр, бізбен бірге жүрсеңші.

Ердос: Жоқ, мен әуелі ата – анама ескертуім керек, әйтпесе алаңдайтын шығар.

Асқар: Ту, ата – анаңа ескертіп не істейсің, біз секілді айтпай кетіп қалмайсың ба, сұрансаң, жібермей қалады.

Ердос: Жоқ, балалар, мені жібермейді, бара алмаймын. Ол жақтан ішімдік ішкен адамдар кездесіп, бір нәрсеге душар болармыз.


Асқар: Онда өзің біл, ертең «көп қызықтан қалдым» - деп өкініп жүр ме!

Шыңғыс: Осы кезден бастап көшеге үйрене бермейсің бе?

Жақсы дос пен жаман досты салыстыр.

Жақсы дос

Жаман дос



Темекінің өкпеге зияны



**Маған қара досым .Мен саған
соңғы рет ескертемін. Егер есірткі
деген бәлені қолдануды қоймасаң,
құрдымға тірелесің.**






Сен енді ғана бастадың-ау
деймін...
Қорықпа жақында сен де мен
сияқты боласың.



Ішімдіктің миға зияны



Ішімдіктің ақыры...





Сабақты қорытындылау.

Сабағымыз да аяқталуға жақын. Бүгінгі сабақ сендерге ұнады деп ойлаймын. « Табиғаттағы барлық жылу - күннен, өмірдегі барлық жылу – адамнан.» - демекші мен сендерге сол күннің жылуындай бір – бірлеріңе жылу, жақсылық жасаңдар, ол жақсылық жылулықтың бәрі жүректен шығады деп жүрекше сыйлаймын. Жақсылық жасауға ұмтыл!



**Зейін қойып
тыңдағандарыңыз
үшін рахмет!**